**Мерзімі өткен берешекті өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 24 қазандағы N 489

Шетел кредиторлары алдындағы Қазақстан Республикасының міндеттерін орындау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетел банктері берген есеп шоттар негізінде дәрменсіз заемшылар үшін қосымшаға сәйкес жалпы сомасы 7 009 650 (жеті млн. тоғыз мың алты жүз елу) АҚШ доллар мерзімі өткен берешегін, сондай-ақ 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің "Сыртқы экономикалық қызмет" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде есептелген айыптар сомасын өтесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, "Фосфор", "Балқашмыс" акционерлік қоғамдарымен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен арадағы аударылған қаражаттарды республикалық бюджетке сөзсіз қайтару мәніне үшжақты келісім жасассын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 24 қазандағы
N 489 өкіміне
қосымша

Шетел кредиттерін өтеу жөніндегі берешек
СОМАСЫ

АҚШ долларымен

________________________________________________________________

Займшы ұйым | Төлеу сомасы | оның ішінде
| |_________________________________________
| |негізгі борыш|проценттер |басқа да

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Австрияның кредит желісі | | | | |
| "Фосфор" АҚ | 753 157,92 | 532 192,91 | 146 458,91 | 74 506,80 |
| "Балқашмыс"АҚ | 3 474 608,21 | 2 326 697,60 | 748 270,20 | 399 604,41 |
| Израиль кредит желісі | | | | |
| 8 облыстық әкімшілік және "Жеміс" АӨБ ауыл шаруашылығы басқармасы | 1 752 523,01 | 1 522 903,00 | 229 620,01 | - |
| Жапон кредит желісі | | | | |
| "Карметкомбинат" МАҚ | 1 029 361,18 | - | - | 1 029 361,18 |
| Барлығы | 7 009 650,32 | 4 381 792,81 | 1 124 349,12 | 1 503 472,39 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК